

## **Медициналық бұйымды медицинада қолдану жөніндегі нұсқаулық**

### **Медициналық бұйымның атауы:**

Стоматологиялық альгинатты IQ бедер түсіргіш материалы, орындалу нұсқалары

### **Медициналық бұйымның құрамы мен сипаттамасы:**

IQ chrom/IQ green - А класының, 1 типті стоматологиялық альгинаты.

IQ chrom күлгін/ақшыл көк/жасыл хроматизмдік индикаторлары фазасымен стоматологиялық альгинат. IQ chrom/IQ green пайдаланар алдында қандай да бір арнайы өңдеуді қажет етпейді.

Хош иісі: жалбыз.

Араластыру уақыты: 60"

Өңдеу уақыты: 1'50"

Ауыз қуысында болу уақыты: 3'35"

Қатып ұсталғаннан кейінгі түсі: жасыл.

### **Медициналық бұйымға жиынтықтар:**

1. Стоматологиялық альгинатты IQ chrom бедер түсіргіш материалы, пакетте 450 г;
2. Стоматологиялық альгинатты IQ green бедер түсіргіш материалы, пакетте 450 г.

### **Осыған сәйкес медициналық бұйым өндірілген нормативтік құжаттың атауы (белгіленуі):**

ISO 21563:2013. Стоматология. Гидроколлоидты бедер түсіргіш материалдар.

### **Медициналық бұйымның қолданылу саласы мен тағайындалуы:**

Ортопедиялық стоматология. Бедерлер алуға арналған.

### **Қолдану тәсілі:**

- Гомогендік массаны алғанша су мен ұнтақты бір-бірімен мұқият араластырыңыз;
- IQ chrom материалымен жұмыс істеген кезде төмендегі түстік фазаларды орындаңыз: күлгін түс материалды шпательмен араластыруға қажетті уақытты көрсетеді. Ақшыл көк түс бедер түсіргіш қасықты толтыруға қажетті уақытты көрсетеді. Жасыл түс қасықты ауыз қуысына енгізуге арналған сәтті көрсетеді;
- Бедер түсіргіш қасыққа материалды толтырып, бедер алу үшін ауыз қуысына енгізу керек;
- Бедерді тазалап, шаю керек, сілкіп, модель құю қажет.

### **Қолдануға болмайтын жағдайлар:**

- Егер пациентте өнімге немесе оның компоненттеріне аллергия болса, пайдалануға болмайды.

**Сақтық шаралары:**

- Өнім тек кәсіби пайдалануға арналған.

**Медициналық бұйымды сақтау шарттары:**

Құрғақ, тікелей күн сәулесінен қорғалған жерде, зауыттық қаптамада, +25°C-ге дейінгі (77°F) температурада сақтау керек.

**Медициналық бұйымды сақтау мерзімі:**

5 жыл. «Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды»

**Өндіруші ұйымның атауы, мекенжайы (заңды) және байланыс деректері:**

LASCOD S.p.A.

Заңды мекенжайы: Via Longo, 18 - 50019 Sesto Fiorentino - Florence - Italy (Италия)

Tel. +39 055 4215768

Электронды поштасы: [lascod.italy@lascod.it](mailto:lascod.italy@lascod.it)

**Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан медициналық бұйымның сапасы жөніндегі шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және медициналық бұйымның тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның уәкілетті өкілдің атауы, мекенжайы және байланыс деректері:**

"Гелий" ЖШС





Заңды мекенжайы: ҚР., 050012 Алматы қ., Жамбыл к-сі, 97/57, 11 пәтер

Телефон /факс: +7 (727) 2258770

Электронды поштасы: [heliy\\_kz@mail.ru](mailto:heliy_kz@mail.ru)

**Медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың соңғы қаралғаны: XX-XX-XXXX ж.**

**Таңбалау кезінде көрсетілген символдар мен белгілердің түсіндірмесі:**

<i>Шартты белгілер</i>	<i>Сипаттамасы</i>
	Дайындаушы
	Партия нөмірі
	Жарамдылық мерзімі
	Температуралық шектеу



Қолданғаннан кейін қоқысқа лақтырыңыз